



# Жас-Алаташ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТІ

## **Ұстаным мен еркіндік**

Сейдахмет есімі Сейдағаң, Сәкең боп жалғасып кеп Сайд-Ахмадқа тірелетін. Соңғы атау дүниеге аты мәлім Пәкістан ақыны ма, әйтеуір Бердіқұловқа келгенде өзгеше жарасым табатындай көрінетін. Кейбіреулерге әлем адамы дегенді қосанжарлаған уақытта оғаштау қабылдамастан, бірден іштей келісетін сияқтысың. Осы тұрғыдан келгенде Сейдахметке әлгіндей атақты қимайтындардың талайын көзіміз көрді. Аэропортта миллионнан астам адам қарсы алған Пелені етжақын кісісіндей жазатын қылығын ерсі көріп құлгендерге қосылып құптағанымызды елден жасырсаң да құдайдан жасыра алмайтының анық. Атақты грузин Метревелиді бауыр тұтып, сырласатындай дәрежеде жазатыны көңілге сыймайтын. Айта берсең сурырылып шыға беретін ондай-ондай мінездері жетіп артылатын. Оның осынау еркіндігіне жаратылысы себепкер-ау, қайтсе де. Ол бір кездегі аналардың еркесі, алыс-жақын жарықтықтардың бәрі Шекен дейтін көрінеді. Кіслікті қарым-қатынастың тұпқазығынан айырылмай ұстаған қариялардың сөздері жөргегінен сіңіп, жүрекжарды лебізді сурыпсалма ақындарша іркілмей айта алатын қасиет солардан жүқаннан сау емес.

Сейдахмет тірі жүрген уақытта алдын кесіп өтетін пенде көп кездесе қоймайтын. Кескіні алабұртып құбылатын сәтті қазір есіңе алып, көз

алдыңа елестетіп қарасаң, қылыштың піғылдарды іші сезетініне еріксіз жүгінбеске амалың қалмайды.

Сондағы өзін ұстасы мен кескініндегі өзгерістері айқасқа шығар алдындағы шешуші әрекеті секілді екен-ау. Оның бүкіл болмысы ақтық сәттегі өзін ұстасы мен қарасын елестетудің өзіне жүргегің дауаламайтыннан сау емес. Бұл да пенде баласының ешкімге үқсамайтын қасиеті шығар.

Заманның орасан өзгерісінің барысында ендігілер өзін ақтайтын тоқтам тауып алған тәрізді. Қит етсе бітті бүкіл әлем солай деп шыға келеді. Сол кезде миығынан құліп тұрған Сейдахмет бейнесі елестеп өтеді. Өйткені ол кейінгілерді іні тұтып сөйлесе, Шерхан, Қамал сынды қатарларына бауырларына тіл қататындей сыпайы да сынық келетін. Шерханың өктемдеу темпераментін көңіліне алмайтын кеңдігі де бар еді. Бұлардың бір-біріне деген ұстанымы зиялы да мейірімді, соларында және көлгірліктің жүқанасы да сезілмейтін. Бұл мінездері жиырмасыншы ғасырдың көмбесінде қалып барады.

**Жұмабай Шаштайұлы**